

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік	
корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік	
холдымының Ақмола облысы бойынша филиалының	
Көкшетау қалалық Тіркеу және жер кадастры белімі	
ЗАНДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТИК ҚАЙТА	
ТІРКЕУ 2021 ж. «21» 07	ЖУРПЗІЛДІ
БСН № 2606-1902-10АО-ГИ	
№ 2606-1902-10АО-ГИ	
Басталғы тіркелген күні	
2001 ж. «01» 02	



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 05 қаңтардағы
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша
білім бөлімінің жаңындағы Көкшетау қаласының
«Әulet» мектептен тыс жұмыс орталығы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жаңындағы Көкшетау қаласының «Әulet» мектептен тыс жұмыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару негізінде мемлекеттік кәсіпорынның заңды нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы (бұдан әрі - құрылтайшы) Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.

3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – уәкілетті органы).

4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жаңындағы Көкшетау қаласының «Әulet» мектептен тыс жұмыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Владимир Вернадский көшесі, 46.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі, бұраштама мөртабандары болады.

8. Кәсіпорынның бөлімшелері мен өкілдіктері жоқ.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні білім алушылардың, соның ішінде жеке тұлғаның, мемлекет пен қоғамның мүддесі үшін ерекше талаптары бар балалардың мәдени және білім беру талаптарын қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын жүзеге асыру арқылы білім беру үдерісін, сонымен қатар балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың физикалық, интеллектуалдық және адамгершілік дамуын, мүдделерін қанағаттандыру, бос уақытын, демалысын және көніл көтеруін, мәдени-спортық деңе шынықтыру және спорт бойынша қызметін ұйымдастыру, деңе шынықтыру және спорт бойынша сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жүргізуде әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикалық көмек көрсету бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

10. Кәсіпорын мақсаты сапалы қосымша білім беруге тең мүмкіндікті қамтамасыз ету; ұлттық құндылықтар мен жалпы адамгершілік негізінде жанжақты, үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу; жеке тұлғаның өзін –өзі билеуін дамытуға жағдай жасау, олардың қабілеттерін, қоғамдағы әлеуметтік ортаға бейімделуін жүзеге асыру, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениет пен салауатты өмір салтын қалыптастыру; балалар мен жасөспірімдерді олардың мүдделері мен қабілеттерін ескере отырып, деңе шынықтыру дайындығын ұйымдастыру; балаларды спортық секциялар және үйірмелерде спортпен жүйелі шүғылдануға тарту жөніндегі жұмысты жүзеге асыру; балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру және олардың денсаулығын нығайту үшін қажетті жағдайлар жасау.

11. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын менгеру үшін жағдай жасау;
- 2) тұлғаның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салтын және адамгершілік негіздерін қалыптастыру, тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау жолымен ақыл-парасаттылықтарын байыту;
- 3) тәрбиеленушілерді өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке және азаматтыққа, халық дәстүрлерін қадірлеуге, ұлтының рухани құндылықтарын сақтауға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;
- 4) Республиканың қоғамдық-саяси және мәдени өміріне қатысады қалыптастыру;
- 5) Әлем және отандық мәдениеттің жетістіктеріне қатыстыру, тарихты, қазақ және республикамыздағы басқа халықтардың салт-дәстүрлерін үйрету, мемлекеттік, орыс тілін, шетел тілдерін игеру;
- 6) Білім берудің ақпараттандырылған, жаңа оқыту технологияларын енгізу;

7) барлық жастағы балалардың шығармашылық өз ойларын білдіруге қабілеттері мен ынталарын, сүйіспеншіліктерін дамыту;

8) оқушылардың ата-аналары және басқа да занды өкілдермен қарым-ката наста болу;

9) оқушылардың үйде тәрбиелейтін отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмекті ұйымдастыру;

10) балалардың физикалық дамуы мен шынығуына, денсаулығын сақтау және нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

11) жаттығу процесін ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

12) балаларды жеткілікті спорттық-сауықтыру жабдықтарымен қамтамасыз ету;

13) спорттық жиындарды ұйымдастыру және өткізу;

14) дарынды балаларды облыстық және республикалық олимпиадалар мен жарыстарға жіберу;

15) білім беру саласында материалды-техникалық базаны дамыту және нығайту.

12. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетеді.

13. Қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламасы оқушылар мен тәрбиеленушілердің және мамандардың жан-жақты қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

14. Кәсіпорын отбасы қажеттілігі мен балалардың сұраныстарына, білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың (соның ішінде балалар мен жасөспірімдер), өлкенің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен ұлттық-мәдени дәстүрлері есебімен қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын өздігінен дайындайды.

15. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламасы, мемлекеттік басқару органының міндеттері мен кәсіпорынмен орындалатын органдармен бекітіледі.

16. Оқу-тәрбие процесі балаларға арналған сондай-ақ балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, балаға жеке қарым-ката наас мүмкіндігін, әртүрлі кіші топтармен жұмысты іске асыруды көздейді.

17. Оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-әдістемелік және нұсқамалық жұмысты қосымша білім беру әдіскерлері және оқытушы-жаттықтырушылар жүргізеді.

18. Қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламасының жүзеге асырудың формасы мен әдістері, бірлестіктердің жас құрамы мен саны материалдық-техникалық жағдайлардан, санитарлық гигиеналық нормалардан, психологиялық-педагогикалық мақсаттылықтан, білім беру міндеттерінен шыға, педагогармен өздігінше анықталады.

19. Кәсіпорында балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері құрыла алады.

20. Кәсіпорында балаларды қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асады. Қосымша білім беру үйіміна балаларды қабылдаған кезде ата-аналарды немесе басқа заңды өкілдерді оқутәрбие барысының мазмұнымен, жарғымен, тағы да басқа құжаттармен таныстыру.

21. Кәсіпорында балалар жыл бойы қабылданады.

22. Демалыс кезінде Кәсіпорын түрлі топтармен тұрақты немесе уақытша балалар құрамымен тұрғылықты мекенжай бойынша немесе өз базасында туристік базалар мен лагерлер аша алады.

23. «Әulet» Кәсіпорында келесі бағыттар бойынша балалар үйімі қызмет атқарады: бұқаралық-үйімдастыру, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, көркемдік-эстетикалық, техникалық, жаратылыстану-математика, спорттық секциялар, сонымен қатар тілдерді оқыту бойынша үйірмелер.

24. Кәсіпорынға 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қабылданады.

25. Кәсіпорын балалар қызметі қызығушылықтары бойынша біржастағылар мен әртүрлі жастағылардың бірлестіктерінде жүзеге асады (клуб, студия, ансамбль, топ, спорттық секциялар, үйірме, театр және т.б.).

26. Оқыту ұзақтығы мен әр топта балалардың топтасу нормасы, балаларға арналған қосымша білім беру үйімдарының қызмет түрлерінің нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес құрылады.

27. Сабактар қосымша білім берудің оқу бағдарламасына сәйкес топтармен, жеке немесе барлық бірлестік құрамымен өткізіледі.

Бірінші жылы әр топтағы балалардың саны 10-нан-15-ке дейін, екінші жылы және одан жоғары жылдарда -8-ден-12-ге дейін, зерттеу және эксперименттік топтарда 6-дан -8-ге дейін.

28. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуға арналған топтар 6-дан-10-ға дейін балалар санын құрайды.

29. Ерекше білім алатын қажеттіліктерді талап ететін топтардағы балалар саны 3-тен-6-ға дейін болу керек.

30. Топтардың қалыптасуы балалардың ерікті тандауларымен құрылады.

31. Білім беру процесін үйімдастыру балаларға арналған қосымша білім беру үйімдарының қызмет түрлерінің нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес айқындалып, реттеледі.

32. Педагогикалық қызметкерлер түрлендірілген, эксперименттік, авторлық бағдарламаларды ҚР «Білім туралы» Заңына және балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламасын іске асыратын, нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес дайындай алады.

33. Бірлестіктерде қосымша білім берудің оқу бағдарламасын іске асыру кезіндегі оқу –тәрбие барысын үйімдастырудың негізгі формасы бір тақырыптық бағыт немесе жинақтық, біріктірілген бағдарламалар бойынша сабактар болады. Қосымша білім берудің білім беру бағдарламасындағы

талаптарға байланысты сабақтар жыл бойына және қысқа мерзімге ұйымдастырылады.

34. Қыркүйектің 1-нен 14-не дейін бірлестіктерді жинақтау болады, 15-қыркүйек күнінен оқу сабақтары басталады.

35. Жаз кезінде бірлестіктер оқушылардың тұрақты және ауыспалы құрамымен арнайы кесте бойынша жұмыс істейді.

36. Кәсіпорын басқа білім беру мекемелерінде, кәсіпорындарда, ұйымдарда бірлестіктер құра алады. Олармен келісім шарттар жасалады.

37. Кәсіпорында оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі формасы сабактар болып табылады, сабақтардың ұзақтығы 40 минут, қажет болған жағдайда жұпталған сабақтар өткізуге болады (80 минут)

38. Бірінші оқу жылындағы топтардағы сабақтар аптасына 4 академиялық сағат, екінші және одан әрі -6 академиялық сағат, эксперименттік және зерттеу-8 академиялық сағат қарастырылған.

39. Мектеп жасына дейінгі балаларға сабақ- аптасына 2 академиялық сағат, 25-35 минут өткізіледі.

40. Практикалық сабақтарды өткізуге арналған сағаттар саны тәулігіне өткізілетін 8 сағатқа негізделеді. (топсеруендер, жарыстар, концерттерге бару, экспедициялар)

41. «Білім беру объектісіне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық ережелерді бекіту туралы» №179 29.12.2014 жылдағы Қазақстан Республикасының Үкімет қаулысымен бекітілген, Санитарлық ережелерге сәйкес, ата-аналардың қалауымен, жас ерекшеліктеріне қарай, оқушыларға қолайлы тәртіп жасау есебімен балаларға арналған Кәсіпорынның әкімшілігімен сабак кестесі құрылып, бекітіледі.

42. Білім беру ұйымындағы балаларға тәрбие беру мен оқыту мемлекеттік тілде және орыс тілінде және Қазақстан халқы ұлыстарының басқа тілдерімен жүзеге асырылады.

43. Кәсіпорында тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

44. Кәсіпорыннан балалар келесі жағдайларда шығарылады:

1) ескертпей, жеті сабақтан артық себепсіз сабақ босатса;

2) оқушыны шығару туралы мұғалімнің рапорты болған жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның қатысуына еш кедергісіз, медициналық қарсы көрсетімнің бар болуы.

45. Кәсіпорында ақылы қызметтерді ұсыну тізімі мен тәртібі Мемлекеттік басқару органдарының келісімі бойынша, Кәсіпорынның оқу бағдарламасына қосымша ақылы білім беру және сауықтыру қызметтерінің жүйесі енгізіліп, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, қолданыстағы заннамасына сәйкес құрылады.

46. Балаларға арналған Кәсіпорын қосымша білім беру қызметінің нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заннамасы шенберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін және өзге де қызметтерді ұсынады, осы қызметтен алынған кірістерге дербес иелік етеді.

47. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мынаған құқылы.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды тандауға;

3) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

4) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

5) окудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеге.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндettі:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдыларды және құзыреттерді менгеру, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру үйімінде жарғысында көзделген талаптарды сақтауға;

2) өз денсаулығын күтүге, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға.

48. Тәрбиеленушілердің ата-аналары және өзге де занды өкілдері құқылы:

1) баланың жеке басының ерекшеліктері мен икемін есепке ала отыра бірлестіктерді тандауға;

2) білім беру үйімдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және Кәсіпорын мен оның бөлімшелерінде балаларының тәртібі мен келу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

3) баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауға, балалармен жұмыс сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуға;

4) окушыларға құрметпен қарауды талап ету;

5) педагогикалық қызметкерлер мен әкімшілікке өтініштермен жүргінуге құқылы.

49. Тәрбиеленушілердің ата-аналары және өзге де занды өкілдері міндettі:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, рухани тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру үйімдарымен қызметтес болуға;

3) балалардың қосымша білім беру үйімінде күнделікті қатысуын қамтамасыз етуге;

4) Кәсіпорының ішкі тәртібін сақтауға.

50. Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйімдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;;

- 2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-катастынастанжәне кедергіден қорғануға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке жедагикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары түрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқыктарға.

51. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешікпей арттыруға (растастауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндепті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру үйымының басшылығына өмірлік қыын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру үйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндепті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни

және мәдени дәстүрлөрі туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелуе үшін пайдалануға құқылы емес.

52. Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылышқа жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

53. Кәсіпорының Халықаралық ынтымақтастыры Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

54. Кәсіпорын білім беру саласындағы уәкілетті орган келісімі бойынша шетелдік білім үйымдарымен, халықаралық үйымдармен және қорлармен тікелей байланысты белгілейді, халықаралық бағдарламаларға қатысады, білім беру, мәдениет саласындағы халықаралық үкіметтік емес үйымдарға (қауымдастықтарға) енеді, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен екіжақты және көпжакты ынтымақтастық туралы шарттар жасасады.

55. Кәсіпорында шетелге жіберу үшін қызметкерлер мен оқушыларды іріктеу мен даярлауды жүзеге асыра алады (тәжірибе алмасу мақсатында түрлі іс-шараларға, конференцияларға, жарыстарға, байқауларға, олимпиадаларға, фестивальдарға және тағы сол сияқты).

4. Кәсіпорынды басқару

56. Ақмола облысының әкімдігі:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

57. Тиісті саланың уәкілетті органды:

- 1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды камтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

58. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

59. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

60. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

61. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, мадақтау шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазага тартады;

8) езінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұміткерлер ұсынады;

9) езінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

10) дербес жауапкершілікте болады:

кариналық-шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына;

таза табыстың белгіленген бөлігі бюджетке уақытылы аударылмағанда;

кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастырғанда.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

62. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық

екілдегітер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

5. Кәсіпорының мүлкі

63. Кәсіпорының мүлкін активтер құрайды, олардың күны оның балансында көрсетіледі.

64. Кәсіпорының мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

65. Кәсіпорының мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алғынған мүліктен (ақшалай табысты қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

66. Кәсіпорының жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

67. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

68. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорының жедел басқаруына түседі.

69. Мүлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекіткен сәтінде туындайды.

70. Кәсіпорының шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйфа тартуға құқылы емес.

71. Кәсіпорының мүлкіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249 - бабымен көзделген негіздер мен тәртіpte, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарымен қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

72. Осы Жарғының 70-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті

атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға күкүлті.

73. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі қуралдарға жетпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

74. Кәсіпорының қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

75. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

76. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді және басқа да материалдарды дербес жүзеге асырады.

77. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда кезделмеген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері аныкталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорының жарғылық капиталы

78. Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорының жарғылық капиталы меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорының есепке алуы мен есептілігі

79. Кәсіпорының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес, кәсіпорының басшысы бекітетін және басқарушы органымен келісілген есеп саясаты мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

80. Кәсіпорының жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, есептілік туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорының жауапкершілігі

81. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қарожатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

82. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қарожатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

10. Кәсіпорының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

83. Кәсіпорының қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қарожаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен орнатылады.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

84. Кәсіпорының әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

85. Кәсіпорының жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен белгіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заннамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

86. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

87. Таратылған Кәсіпорының кредиторлардың талаптарын қанағаттанырганнан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

88. Таратылған Кәсіпорының несие берушілердің талаптарын қанағаттанырганнан кейін қалған ақшасы Кәсіпорының мүлкін сату нәтижесінде алынған қарожатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

29. Коммуналдық Кесіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Күрылтайшы енгізеді.

Басының

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында

Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында
Астанада 2021 жылдың 15 наурыз айында



Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 05 января 2021 года
№ А-1/3

УСТАВ
государственного коммунального казенного предприятия
«Центр внешкольной работы «Эулет»
города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау
управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Центр внешкольной работы «Эулет» города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» (далее-Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области (далее-Учредитель).

3. Органом государственного управления Предприятия является государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» (далее-уполномоченный орган).

4. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Центр внешкольной работы «Эулет» города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области».

5. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 020000, Акмолинская область, город Кокшетау, улица Владимира Вернадского, 46.

2. Юридический статус Предприятия

6. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках, в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и предприятия.

8. Предприятие не имеет филиалов и представительств.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

